ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ НАУКИ

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ В ПРЕПОДОВАНИИ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

Инкарова Ж.И.
кандидат биологических наук, доцент Евразийского
национального университета имени Л.Н.Гумилева
Астана
Тобыкова Б.Д.
магистрант 1 курса специальности география
Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева
E – mail:bakhar91@mail.ru

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ГЕОГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР

Ж.И.Инкарова
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
доценті, биология ғылымдарының кандидаты
Астана
Б.Д.Тобықова
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің география мамандығының
1 курс магистранты
E – mail:bakhar91@mail.ru

INTERACTIVE METHODS IN TEACHING GEOGRAPHICAL DISCIPLINES IN HIGHER SCHOOL

Zh.I.Inkarova
Candidate of Biological Sciences,
Associate Professor of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyov
B.D.Tobikova
1st year master-student in the specialty of geography
of the Eurasian National University named after L.N.Gumilev
Astana
E – mail:bakhar91@mail.ru

АННОТАЦИЯ

Мақала жоғары мектептерде қолданылатын оқытудың интербелсенді әдістеріне арналған. Оқытудың активті және интерактивті әдістерінің ерекшеліктері қарастырыла келе, олардың басымдылығы мен тиімділігі ашып көрсетілген. Географияны саласындағы пәндерді оқытудағы қолданылған интербелсенді әдістер: кейс – әдіс, дөңгелек үстел, пікірталас әдісі, «миға шабуыл» т.б. студенттердің шығармашылық, танымдық, оқуға деген белсенділігін арттыруға көмегі мен тиімділігі жазылған.

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена интерактивным методам преподавания географических дисциплин, используемых в высшем образовании. С учетом особенностей интерактивных методов обучения выявляются приоритеты и преимущества этих методов. Интерактивные методы применяемые нами в преподавании географических дисциплин как кейс-метод, круглый стол, метод дисскусии, «мозговой штурм» и другие способствуют у студентов повышению творческой, познавательной и активной учебной деятельности.

ABSTRACT

The article is devoted to interactive methods of teaching geographic disciplines used in higher education. Taking into account the peculiarities of interactive teaching methods, priorities and advantages of these methods are identified. Interactive teaching methods in geography as a case-method, round table, discussion method, brainstorming, and others help students increase their creative, cognitive, and educational activities.

Кілт сөздер: интербелсенді оқыту әдістері, кейс – әдіс, «миға шабуыл», дөңгелек үстел, мастер - класс, физикалық география, экономикалық география.

Ключевые слова: интерактивные методы обучения, кейс - метод, «мозговой штурм», круглый стол, деловая игра, мастер – класс, физическая география, экономическая география.

Keywords: teaching methods, interactive, random method, brainstorming, round one, discussion, physical geography, economic geography

Қазіргі кездегі экономиканың даму үрдістері әсерінен қоғамдағы кәсіби – шығармашылық, инновациялық іс – әрекетті, өндірістік – ғылыми мәселелерді өзіндік шеше алатын, білікті, сапалы білімді, құзыреттілігі жоғары мамандардың қажеттілігі артады. Қазіргі таңда, осындай өзекті мәселелердің пайда болуы жоғары оқу орындарының болашақ мамандарды оқыту, дайындау барысында елеулі өзгерістерді талап етеді [1,208 б.].

Оқыту дегеніміз – оқыту жүйесіндегі субъектілердің (педагогтер, студенттер) мақсатқа бағытталған қарым – қатынасы. Бұндай байланыстар оқу және тәжірбие алмасу барысында, алдын – ала дайындалған жоба аясында жүзеге асырылады. Оқыту үрдісі оқу іс – әрекеттеріндегі мотивацияларды түсінуге, кәсіби біліктілікті арттыруға бағытталады, сонымен қатар білімге, дағдыға негізделген жаңашыл спецификалық мүмкіндіктер қолданылады.

Сондықтан заманауи оқыту үрдісінде оқу жүйесіндегі екі субъектінің ақпараттық қарым – қатынасына басты назар аударылады. Үрдістің тиімді болуы, осы жүйеге кіретін студент пен оның танымдық белсенділігін арттыруға байланысты. Мотивцияны қалыптастыру, шығармашылық ойлауды жетілдіру, мәселені шешу барысында анализ жасау және ақпаратты қолдану, идеяларды интеграциялау және интеллектуалды іс – әрекеттің нәтижелерін басқаруы, тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алуы – қазіргі кездегі жоғары оқу орындарындағы оқытудың басты міндеттері болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін оқыту үрдісін ұйымдастыруға шығармашылық жолдарды пайдаланып, оқытудың дәстүрлі және жаңа тәсілдерін байланыстыра қолдану қажет, яғни жоғарыда айтылған мақсат пен міндеттерден оқытудың әдістері құрастырылады. Қазіргі уақытта, оқытушылардың қолданып жүрген оқытудың пассивті әдістеріне студентке берілген тақырып бойынша білімді қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты дәстүрлі түсіндіру әдісімен жеткізуі жатады. Сауалнама, бақылау жұмыстары, жабық тесттер осы әдістерді қолдану кезіндегі диагностикалық құрал көздері болып табылады [6, 25-28 б.]. Қазіргі таңда ақпараттың көптігі себебінен, оларды студентке толыққанды жеткізу мүмкін емес болғандықтан, пассивті әдістердің бұл жағдайда тиімділігі аздық көрсетеді.

Интербелсенді әдістерде студенттің танымдық белсенділігін (өзіндік шығармашылық ойлау, білім алуға деген қызығушылық, белсенді ақпараттық ізденіс, мәселені шешудегі өзіндік пікір, өзіндік шешімдерге сыни көзқарас) арттыруға оқытудың екі субъектісі де (педагог, студент) белсенді қатысады.

Интерактивті («интер» - байланысқан, «акт» - іс - әрекет) – байланысу, біреумен сұхбатта болу, диалогта болу дегенді білдіреді. Оқытудағы интербелсенділік – сабақта оқу материалын меңгеру барысында байқалатын оқушылардың іс – әрекетінің түрі. Интербелсенді бастаудың негізі – интерактивті тапсырмалар, жаттығулар.

Интербелсенді әдістер студенттердің оқу – танымдық іс – әрекеттерін оқытушымен диалогтік қарым – қатынасы, өзімен және ақпараттық – коммуникативті технологиялардың (АКТ) байланысы нәтижесінде көрсете алуына бағытталған. Бұл әдістерде оқу үрдісінің кез – келген мүшесі мәселені шешуге, тапсырманы орындауға және түсіндірме алуға құқығы бар.

Тапсырмаларды орындау барысында туындаған диалогта тек қана оқытушы қатыспайды. Бұндай әдістерді қолдану сұрақ – сұрау – жауап сияқты іс – әрекеттің екі жақты бағытында кері байланыс жасауға мүмкіндік береді. Бұндай әдістер білім алушының әлеуеттік мүмкіндіктерін ашып, кәсіби дағдыларын жетілдіруге көмектеседі, сонымен қоса, диалог үрдісінде студенттер тыңдауға, басқалардың жауабына талдау жасауға, коммуникативті қабілеттерін арттыруға мүмкіндік алады. Оқытушы, студент, ақпаратты коммуникативті технологиялар диалогтік оқу үрдісінің толыққанды қатысушылары бола алады. Жоғарыда айтылған диалогтың тақырыбының өзекті мәселесін таңдай алуы сабақтың жоспарын, тапсырмаларын ойластыруы, нәтижелерге диагностика жасауы оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Сонымен бірге, оқытушы білім алушылардың потенциалды мүмкіндіктерінен туындайтын талдаулардың өзгерістеріне дайын болуы қажет. Осы әдістер студенттерге өз қабілеттерін көрсетуге, оқу үрдісіндегі шығармашылық – зертеушілікке уәж тудыруға, кәсіби – әлеуметтік проблемаларды шешуге, дағды мен біліктілікті дамытуға көмектеседі (1 сурет).



Сурет 1. Оқытудың интербелсенді әдісі

Осы факторларды ескере келе белсенді оқытудың технологиялары дамыту, мәселелік, зерттеушілік, ізденушілік т.б. функцияларды атқаратынын байқаймыз.

Қазақстан жоғары оқу орынындарында 5В060900 «География» мамандарын дайындау барысында география саласындағы ғылымдардың әртүрлі пәндері оқытылады (2 сурет). Орыс ғалымдары М.М.Голубчик, Э.Л.Файбусович, А.М.Носонов өз еңбектерінде бұл ғылымдар жүйесін үш үлкен топқа жіктеген [5, 15-17 б.].



Сурет 2. Географиялық ғылымдар жүйесі

Жоғарыдағы көрсетілген географиялық ғылымдар білікті мамандарды дайындау барысында кешенді түрде оқытылады. Оқытудың белсенді әдістері география саласындағы пәндерді оқыту бағдарламасын игеру кезінде, осы саладағы бакалаврды дайындауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, 5В060900 «География» мамандығы студенттері физикалық – географиялық зерттеу, соның ішінде, зерттеулердің аэрокосмостық әдістерін, геоақпараттық жүйелерді құрастыру, технологияларын оқып – үйренеді. Бакалаврдың геоақпараттық жүйелері технологияларымен жұмыстары бригадалық, карталық жобалар жасаумен байланысты. Сол себептен, оқытушы оқу бағдарламасын құрастыру кезінде студенттердің ұйымдасқан – басқарушылық іс – әрекетіне аса назар аударғаны жөн. Осы жобаның аясында студенттер кәсіби біліктілікті үйреніп қана қоймай, жоба жасау кезінде өздеріне жіктелген рөлдерді: басшы, менеджер, құралдарға жауапты т.б. атқара білу қажет. Өкінішке орай, дәстүрлі әдістерде бұндай дағдыларды қолдану мүмкін емес.

Мысалы, «Туризм және өлкетану» курсының практикасында «рекреациялық

ресурстардың әртүрлілігі» тақырыбында жобалық – рөлдік ойын ретінде

өткізуге болады. *Іскерлік ойын* дегеніміз қоғамда адамдардың өмірінде

әлеуметтік – экономикалық, кәсіби іс – әрекетіне байланысты туындап

отырған мәселені шешу мақстатында құрастырылған шартты түрде көрініс.

Ойынды өткізудің мақсаты осы пән бойынша алған білімдерін практикалық

сабақта жетілдіру. Іскерлік ойынды өткізу үшін оқу үрдісіне қатысатын

студенттерді туризмның бір нысанын іске қосатын кәсіпорынның өкілдеріне

бөлеміз. Іскерлік ойынға дайындық барысында студенттер өз кәсіпорынының

визиткасын, фирма туралы презентациялық материалын, шығындар мен

табыстары туралы жоспарын және т.б. әзірлейді. Іскерлік ойынды өткізу

барысында жоспар бойынша бірнеше тапсырмаларды дайындап,

студенттерге жасатамыз:

- бас директордың туристтік фирманың мақсаты, міндеттерімен таныстыру сөзі;
- туристтік фирманың құрылымы мен қызметі туралы бас директордың орынбасарының таныстыру сөзі;
- туристтік фирманың басты проблемалары туралы бөлім басшыларының сөзі
- бас экономисттің шығындар құрылымдары туралы және жұмыстың тиімділігін арттыру туралы ұсыныс сөздері;
- менеджердің сатылым мен жарнамалық жұмыстары туралы сөзі;
- бөлім басшысының іске қосу құны мен мерзімі туралысөзі;
- серіктес компаняны таңдау, келісім – шартқа қол қою.

Бұл жерде оқытушы сарапшы рөлінде болып, топтарды белгілі – бір критерийлер бойынша: тапсырманы орындау толықтығы, түсіндіру жұмысының ғылымилығы, логикаға сүйенуі, сөйлеу мәнері, шығармашылығы т.б. бағалайды.

5В060900 «География» мамандығының пәндері оқытудың интербелсенді әдістерін қолданудың мол әлеуеттеріне ие. Сондай әдістердің бірі *«Шешімдер ағашы»* әдісі «Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарының геоэкологиясы» курсының практикасында проблемалық тақырыптың шешімін табудың бірнеше нұсқаларында қолданылды. «Шешімдер ағашы» әдісі бойынша практикалық жұмыстың проблемалық тақырыбы таңдалып (мысалы, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану проблемалары), кесте сызылады. Кесте мәселені шешу нұсқалары ұсынылған үш немесе одан да көп бағандарға, «оң» және «теріс» нұсқалар жазылатын бөліктерге бөлінеді. Кестедегі шешімдер ұжымдық жұмысқа, ұсынылған нұсқаларға байланысты.

Жоғарыда айтылған проблеманың шешімдерін ойластыру барысында, *«миға шабуыл»* әдісін қолданамыз. Бұл әдістің бастапқы сатысында студенттерден құралған топтарға ой толғандыратын ортақ проблемалық сұрақтарды ұсынамыз. 10 минут ішінде әр студент ойланып, жауаптарын қағазға жазып тапсырған соң, барлық қатысушылар өз пікірлерін ауызша жеткізе алады, оқытушы берілген жауаптарды теріске шығармастан түртіп алады.

«Миға шабуылдың» екінші кезеңінде айтылған ұсыныстар пікірталас әдісіне көше отырып, талқыға түседі, осы тұста *пікірталас* интербелсенді әдісін қолданып жіберу өте тиімді болды.

Үшінші кезеңінде студенттер ең ұтымды шешімдерді таңдай алды. Аталмыш тәсілді қолданғанда білім алушылар төмендегідей топтарға бөлінді:

- идеялардың генераторлары: проблеманы шешу үшін әр түрлі жолдарды іздеушілер, ұсыныстарды ортаға тастаушылар;
- сыншылар: ұсынылған шешімдерге сын, пікір қосушылар;
- талдаушылар: ұсыныстарды сараптап, ой елегінен өткізушілер.

Case – study немесе нақты жағдаяттар әдісі (ағылшын тілінен case – жағдаят) нақты тапсырмалық жағдаятты шешуге бағытталған проблемалық талдаудың белсенді әдісінің түрі. Алғаш рет Гарвард университетінде 1870 жылы қолданылды [6, 22-23б.]. Бұл әдістің негізгі мақсаты – студенттердің топтасқан құрамымен жағдаятты талдап, практикалық шешімін табу. Процесстің соңы – ұсынылған алгоритмдерді бағалау және ең үздік шешімді таңдап алу. Қазіргі таңда осы әдістің екі мектебі қалыптасқан. Гарвардтық (американдық), Манчестерлік (европалық). Біріншісінде проблеманың тек қана бір шешімі болуы мүмкін болса, екіншісінде проблеманы шешуде көп нұсқалықты ұстанады.

Case – study әдісінің басты қызметі – студенттерді күрделі құрылымсыз проблемаларды шешуге баулу. Студенттердің бойындағы аналитикалық, коммуникативті қасиеттерді дамыту болып табылады.

5В060900 «География» мамандығы бойынша 2 курс студенттерінде оқытылатын «Биогеография» курсының «Қазақстан территориясындғы эндемикті және реликті түрлерді анықтау» тақырыбында осы әдісті қолдану мысалын көрсетсек. Ол үшін Қазақстан территориясындағы ақбөкендердің жаппай қырылуы деген *жағдайды* ортаға саламыз. 2015 жылы статистикалық мәліметтерге сәйкес Қазақстан Республикасы территориясындағы ақбөкендердің 132 мың қырылғаны байқалады.

Кейстің мақсаты: аталған құбылыстың болу себептеріне анализ жасау.

Кейстің мақсатымен таныстырғаннан кейін студенттерге көмек ретінде кейс материалдарын іздестіруге арналған кейбір қажетті сілтемелерді көрсетіп қойдық (http://lenta.ru/news/2012/05/21/death/; http://info.sibnet.ru/?id=429186 ;

http://iohotnik.ru/novosti/5473-massovaya-gibel-sajgakov-v-kazahstane-katastrofa-mirovogo-masshtaba.html). Бұл сілтемелерден бөлек студенттер өз бетінше басқа да интернет көздерінен ақпараттарды іздестірді. Студенттер тапсырмаларды орындау барысында, төмендегі сұрақтарға мән берулері тиіс болды:

- проблемалық жағдайдың орын алу себептері;
- аталмыш жағдайдың табиғи фактордың орын алған жерін анықтау;
- Қазақстанның территориясындағы ақбөкендердің жойылуының алдын алу жолдары, ұсыныстары.

Ғылыми – техникалық прогрестің дамуымен қатар ақпараттың көбеюі байқалады. Оқытудың есте сақтау және қайталауға бағытталған түрлері заманауи талаптарға сәйкес келмей жатады. Сол себептен, студенттердің ақпараттарды өздері іздеп, талдауларына мүмкіндіктер туғызатын әдістерді ойлап табу қажеттіліктері туындайды, сондай әдістердің бірі *мастер – класс әдісі*. «География» мамандығының студентерінің «Географияны оқыту әдістемесі» курсында алған білімдерін тереңдету мақстаныда мастер – класс ұйымдастырылды. Сабақтың басында студенттердің оқытудың методикасын игеруге қызығушылықтарын арттыру мақсаты қойылды. Осы мақсаттан төмендегідей міндеттер құрастырылды:

- мастер – класстың қатысушыларының /студент – оқытушы/ белсенді қарым – қатынасына жағдай жасау;
- оқытудың әдістемелерімен таныстыру;
- оқытудың интербелсенді әдістері туралы білімдерін тереңдету /ой – толғау, іске асыру, рефлексия/;
- алынған білімдерді нығайту.

Мастер – класс барысында студенттер 4 топқа бөлініп, төмендегі жоспар бойынша шығармашылық – жобалық жұмыстарын жасады.

- жобаның проблемаларын іздеу және өзектілігін көрсету;
- жобаның сценарийі;
- ауызша түрде жобаны қорғау.

Жобамен жұмыс кезінде әр топ жобаның түрін өздері таңдап алды /зерттеушілік, ақпараттық, ойын түрінде, қолданбалы/. Жобаны қорғаудың критерийлері аталды, соның ішінде: мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі, түсіндіру шеберлігі, білімділік, сөйлеу мәнері, сұрақтарға жауап беру деңгейі. Оқытушы практикалық сабақтың үстінде кеңес берушінің, ұйымдастырушының қызметін атқарды. Мастер – класстың соңында студенттер оқытудың бұл әдісі қойылған мақсаттарға жетуге көп септігін тигізеді деген шешімге келді.

Оқытудың белсенді әдістері студенттердің шығармашылық – танымдық деңгейлерін жетілдіріп қана қоймай, оқуды аяқтаған соң білікті маман болып шығуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Берденникова Н. Г., Меденцев В. И., Панов Н. И. Организационное и методическое обеспечение учебного процесса в вузе: учебное пособие. Серия: Новое в высшем профессиональном образовании. – СПб.: Д.А.Р.К., 2006. – 208 с.

2. Беспалько В. П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.: Изд-во ИРПО МО РФ, 1995. – 336 с.

3. Братцева Г. Г. Активные методы обучения и их влияние на смену педагогической парадигмы // Философия образования. Серия “Symposium”: сб. мат. конф. – Вып. 23. – СПб. : Санкт-Петербургское философское общество, 2002. – С.336-340.

4. Голубчик М.М., Файбусович Э.Л., Носонов А.М., Макар С.В. Экономическая и социальная география. Основы науки. Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2004. – 15 – 17 с.

5. Наумкин Н. И., Кондратьева Г. А. Модульная структура общетехнических дисциплин, направленная на подготовку студентов к инновационной деятельности // Сборник публикаций научного журнала «Globus» по материалам III международной научно-практической конференции: «Психология и Педагогика: актуальные вопросы» г. Санкт-Петербурга: сборник со статьями (уровень стандарта, академический уровень). – СПб., 2015. – С. 25-28.

6. С.Ю. Попова (Смолик) Е.В. Пронина. КЕЙС-СТАДИ: принципы создания и использования. – Тверь: Изд-во «СКФ-офис», 2015. Серия «Технологии работы с молодежью». – 22 – 23 с.